



# Балалардың сауат ашуы

# **Жоспары:**

1) Мектеп жасына дейінгі  
балаларды сауат ашуға  
даярлау

2) Мәнерлеп оқу

# Мектеп жасына дейінгі балаларды сауат ашуға даярлау.

- Балабақшада жүргізілетін жұмыстардың барлығы баланы мектепке даярлау мақсатын көздейді. Сондықтан ересектер тобынан бастап тіл дамытуда сауат ашу жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді.
- **Тіл дамыту әдісіне сәйкес балалар:**
  - сөздерді буындарға;
  - жеке дыбыстарға бөліп;
  - керісінше сөйлем құрауға үйренеді.

Жеке сөздер арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыланады.

**Ұйымдастырылған оқу іс-**

**әрекетінің мақсаты**

байланыстырып сөйлеуге үйрету

болса, бала тілінің сөздік қорын

дамыту жағы да ескерілуі қажет

**(әңгімелесетін тақырыпта жаңа сөз болу керек).**

# Мәнерлеп оқу

- **Мәнерлеп оқудың тәсілдері:** негізгі дауыс сарыны (тоны), интонация (айтылу мәнері) және оның компоненттері.
- **Екпін** түскен буын екпінді буын делінеді.

# **ИНТОНАЦИЯ** — естілетін сөздің мәнерлегіш тәсілдерінің біріне жатады.

- дауыстың қатты, жай шығып құбылуы;
- дауыс күші,
- КІДІРІС,:
- дауыс қарқыны,
- сарын т.б

Олар: сөз дыбыстарымен қосақтала ілектесіп айтылады да үстем мәнге ие болады, бірақ сөз дыбыстарындай жеке-жеке ажыратылмайды. Бұларды реңк үстейтін қосалқы дыбыстар десе де болады.

**КІДІРІС** – деп сөз түйіндегі арасындағы не сөйлем араларындағы толасты айтады.

- Мәнерлеп оқуда не әңгімелеп беруде кідірістің өзіндік маңызы бар. Оқығанда дауыстың үзіліс, сәл іркілу жасауы жай ғана кідіріс емес. Ол *әдеби текстің мән-мағынасын ашып беру тәсілі* болып табылады.

**ДАУЫС КҮШІ** – дауыстың ашықтығы, тазалығы , оны игере білу, яғни ақырын да, орташа да, қатты да сөйлеп, қатты сөйлеуден ақырынға, керісінше ақырынан қатты сөйлеуге көше білу.


- Көркем оқу мен әңгімелеп беру тәсілінің біріне **дауыс күші** де жатады. Дауыс күшіне оның аса қатты шығуы деп ұқпау керек, ол дұрыс емес.



Белгілі тіл маманы, ғалым А.М. Пешковский «Интонация және грамматика» деген мақаласында ырғақты және сөз мелодикасын интонация аясында қарастырады.

- Ғалымның айтуынша интонация:
- 1) сөздің эмоциялық жағын білдіріп, 2) сөйлеудің сөздік құрамын байқатады. 3) интонация сөйлеудің грамматикалық жағын қамтиды.

- Көрнекті ғалым **Б.В. Томашевский** интонацияны «айтылу мәнері» деген.
- Ал қазақ топырағында сонау отызыншы жылдардың өзінде аса ірі тюрколог **Қ.Жұбанов** «Сөз сазы» деп атаған.



**Интонация арқылы орындаушы тыңдаушыларға әдеби көркем шығарманың мәнін ашып береді.**

- Кейіпкерлерді, олардың көңіл күйін , мінез-құлқын , іс-әрекетін суреттейді, кейіпкерлерге деген өз көзқарасын да білдіре кетеді. Айтылу мәнері арқылы орындаушының поэтикалық образдарды да табиғат көрінісін, оқиға өтіп жатқан жағдайды да өрнектейді.


# Мысал жанрындағы кідіріс

- Текстті оқып не әңгімелеп беруге даярлағанда психологиялық мазмұнына байланысты болмақ.
- Текті оқуға не әңгімелеп беруге даярлағанда психологиялық кідірісті алдын ала белгілеп алу керек.
- Психологиялық кідірісті көркем шығарманың **мысал жанрын** оқығанда қолдану тиімді шықпақ.

## Мысал: «Түлкінің есекті жоқтап жылауы»

«Бір күні жортып келе жатқан түлкі өлген есекті көреді. Қараса өзі танитын есек болып шығады. Қасына кеп, басын құшақтап еңіреп жылайды кеп, жылайды кеп. Мұны көрген күшігі таң қалып, әкесіне:

- Әке бір есек өлді, қалды, оған несіне сонша көз жасыңды бұлайсың?» - дейді. Сонда қарт түлкі: - Е, балам, мұны ойлайтын әкеңнің де бар басы. Менің «Түке» деп атанып жүргенім сол есектердің арқасы » - депті.



# Назарларыңызға рахмет!

Орындаған: Сатан Г.Қ  
Қабылдаған: Алиаскарова С.М